КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 02.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Бекболатов А. Т., 17.08.2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 2 шілде № 4712-26-00-2/1909 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жешелендіру комитетінің Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Бозбашева» ретінде әрекет етуші Бозбашева Айша Сарсенгалиевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Бозбашева» ретінде әрекет етуші Бозбашева Айша Сарсенгалиевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Бозбашева» ретінде әрекет етуші Бозбашева Айша Сарсенгалиевнадан мемлекет пайдасына 26 651 (жиырма алты мың алты жүз елу бір) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 963 (екі мың тоғыз жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 02.07.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2026, судья Бекболатов А. Т., 17.08.2026

4712-26-3-1/1783